

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

PEDAGOGY AND TEACHING METHODS

FTAMP 16.01.11

А.Т. Әбілда¹

¹С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ПОДКАСТ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Білім беру үдерісіне қандай технологияларды енгізе аламыз? Біздің басты мақсатымыз - білім берудегі инновациялық технологиялар негізінде қазақ тілі сабақтарында подкаст технологиясын дидактикалық құрал ретінде пайдалану. Білім беруде жаңа технологияларды пайдалану өте маңызды. Соның ішінде подкаст қызметін қолдану тіл үйренуде тиімді құралдардың бірі. Сондықтан бұл қызмет оқыту технологиясы ретінде жеке қарастыруды қажет етеді. Подкаст – ұзынды-қысқалы серияларға біріктірілген, жүктеп алуға және онлайн тыңдауға болатын аудио жазбалар. Бұл мақалада подкаст технологиясының тәжірибеге ену мәселесі талқыланып, оны қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалану және құрастыру жолдары қарастырылады. Білім саласындағы инновациялық технологиялар дегеніміз - тек техникалық құралдар ғана емес, сонымен бірге жаңаша әдістеме, білім берудің жаңа амалы.

Түйін сөздер: қазақ тілі, әдістеме, подкаст, жаңа технология, аудио, оқыту, дидактика, интернет.

Abstract. What technologies can we involve in the educational process? Our main goal is to use podcast technology as a didactic tool in Kazakh language classes based on innovative technologies in education. It's important for educators to integrate new technologies in the classroom. Among them, the podcast offers a range of potential benefits, including optimizing learning for language students. Therefore, this activity requires individual consideration as a learning technology. A podcast is a collection of short and long audio recordings that you can download and listen to online. This article discusses the application of podcast technology and ways of its effective use and

construction in Kazakh language classes. Introducing such technologies in education will not only innovate technical tools in the classroom, but also expand teaching methodologies and educational processes

Keywords: Kazakh language, methodology, podcast, new technology, audio, teaching, didactics, Internet.

Аннотация. Какие технологии мы можем внедрить в образовательный процесс? Нашей основной целью является использование технологии подкастов в качестве дидактического инструмента на уроках казахского языка на основе инновационных технологий в образовании. Очень важно использовать новые технологии в образовании. Среди них использование сервиса подкастов является одним из самых эффективных инструментов для изучения языка. Поэтому данная деятельность требует индивидуального рассмотрения как технология обучения. Подкаст — это коллекция коротких и длинных аудиозаписей, которые можно скачать и слушать онлайн. В данной статье рассматривается применение технологии подкастов и способы ее эффективного использования и построения на уроках казахского языка. Инновационные технологии в сфере образования – это не только технические средства, но и новая методика, новый метод образовательного процесса.

Ключевые слова: казахский язык, методика, подкаст, новая технология, аудио, обучение, дидактика, Интернет.

Заман дамып, элем өзгерген сайын білім беруде де жаңалықтар орын алуда. Жаңартылған білім беру мазмұны оқушыға субъект ретінде баға беріп, оның жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. Оқушыны өздігінен білім алуға қабілетті етіп тәрбиелеу - заманауи мұғалімнің басты міндеті. Ол үшін біз қандай жаңаша тәсілдерді қолдана аламыз? Білім беру үдерісіне қандай технологияларды енгізе аламыз? Біздің басты мақсатымыз - білім берудегі инновациялық технологиялар негізінде қазақ тілі сабақтарында подкаст технологиясын дидактикалық құрал ретінде пайдалану. Білім саласындағы инновациялық технологиялар дегеніміз - тек техникалық құралдар ғана емес, сонымен бірге жаңаша әдістеме, білім берудің жаңа амалы. Подкаст – ұзынды-қысқалы серияларға біріктірілген, жүктеп алуға және онлайн тыңдауға болатын аудио жазбалар. Әдеттегі радиодан ерекшелігі – қай жанрды қай уақытта тыңдайтынын адам өзі шешеді. Осылайша тыңдалым дағдыларын дамытудың жаңаша әдісін ұсынатын подкаст қызметі қазақ тілі сабақтарында оңтайлы нәтиже берері сөзсіз. Шет тілін үйрету әдістемесінде түрлі техникалық құралдар қолданылады. Олар:

электронды пошта, блог, видеоконференция, телеконференция, т.б. Соның бірі подкаст технологиясы. Күнделікті өмірде үнемі шет тілдерін тыңдап өскен баланың ойлауы да шет тілінде бола бастайды. Ал біз қазақ тілі сабақтарында подкаст қызметін пайдалану арқылы оқушылардың шет тілді контенттен бөлек, қазақ тілді ақпаратты да тұтынуына жағдай жасай аламыз. Яғни шынайы тілдік орта жасауға тағы бір мүмкіндік туады.

Подкастинг термині екі сөзден тұрады: *iPod* – атақты mp3 плеердің атауы, *broadcasting* ағылшынша «хабар тарату» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин алғаш рет 2004 жылы қолданылып, кейінірек 1-ші подкаст та пайда болды. Подкаст қызметін білім беру жүйесінде қолдану тиімді тәсілдердің бірі. Подкаст – ұзынды-қысқалы серияларға біріктірілген, жүктеп алуға және онлайн тыңдауға болатын аудио жазбалар. Әдеттегі радиодан ерекшелігі – қай жанрды қай уақытта тыңдайтынын адам өзі шешеді. *Подкаст* - подкастинг нәтижесінде пайда болған өнім. Подкасттар әдетте белгілі бір тақырыпта жасалады және жариялану мүмкіндігіне ие.

Енді интернет ресурстарының материалдары негізінде қазақ тілін оқытуда подкаст қызметін қолданудың **мүмкіндіктері мен тиімділіктерін** қарастырайық:

- халықтың сөз мәдениетінің құнарын көрсететін түрлі фразеологизм, идиома, мақал-мәтел, неологизмдерді пайдалана отырып жазылған хаттарға, тілші ғалымдардың, сарапшылардың ауызша және жазбаша пікірлеріне лингвистикалық талдау жүргізу.

- білім алушылар білікті мамандардың әдеби шығармаларды талқылау эпизодтарын тыңдап, тың ойларға қанық болады;

- оқушылар подкаст жазу процесіне қатысып, өз өнімдерін ұсына алады;

- қазақ халқының хабар алмасу ерекшеліктерін, тілдік этикетін, мәдениет ерекшеліктерін, салт-дәстүрін танытатын мәдениеттану ғылымымен танысу;

- халық мәдениетінің әлеуметтік және саяси құрылымын көрсететін тілдің активті және пассивті лексикасымен сөздік қорды толықтыру [1].

Ал біз қазақ тілі сабақтарында подкаст қызметін пайдалану арқылы оқушылардың шет тілді контентті қолданбай, қазақ тілді ақпаратты тұтынуына жағдай жасай аламыз. Яғни шынайы тілдік орта жасауға тағы бір мүмкіндік туады.

Интернеттің виртуалды ортасы уақыт және кеңістік шеңберінен шығуға мүмкіндік береді. Яғни оқушы кез келген уақытта қай жерде отырғанына қарамастан білім ала алады, сыныпта өткен дәрісті қайта тыңдай алады. Бірақ интернеттің тек көмекші техникалық құрал ғана. Оның жемісті нәтиже беруі үшін оқыту үрдісінде оны сауатты қолдану керектігін ұмытпаған жөн.

Подкаст технологиясының дидактикалық ерекшеліктері:

- подкасттар көпқызметті. Себебі подкасттарды қазақ тілі сабағында қолдана отырып, оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым секілді оқу әрекеттерін қатар дамытуға болады. Сонымен қатар подкасттар қазақ тілінің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін танытып, ерекше тілдік қолданыстарды өмірде қолдануға жол ашылады.

- подкаст мультимедиялық құрал. Оның негізгі түрлері: аудиоподкасттар, бейне-подкасттар, кеңейтілген подкасттар. Сонымен қатар аудио арқылы ақпаратты жеткізудің мәтін, сурет, бейне, кесте немесе сызба, анимация секілді формалары да кездеседі.

- подкаст медиақұзіреттілікті дамытады. Подкасттармен жұмыс істеу үшін, ең алдымен, компьютерді қолдану дағдыларын, интернет желісінен файлдарды жүктеу, оны мобильді құралдарға жіберу, қажет жағдайда ақпараттарды өңдеу және қайта жасау құзіреттіліктерін игерген жөн. Бұл әрекеттердің барлығы да медиақұзіреттілікті талап етеді.

Сонымен қатар тіл оқытуда подкаст технологиясын қолдану кезінде мына маңызды қызметті ұмытпаған жөн: ол- оқытудың мотивациялық негізі. Подкаст - білім алушылардың біріге отырып жұмыс жасауында өте күшті мотивациялық құрал. Танымдық және эмоционалдық қызығушылықтар тіл үйренуде өте маңызды рөл атқарады, оқу материалдарын есте жақсы сақтауға әсер етеді, зейіннің жұмысын жақсартып, оқытудың тәрбиелік мәнін арттырады.

Сыныпқа арналған подкастингтің қолданыстары өте көп. Олар нұсқаулық беру үшін пайдаланылуы мүмкін. Подкасттарды білім алушылар артефакт ретінде және оқытудың дәлелі ретінде де қолдана алады; мысалы, оқушы эссе жазудың орнына тұжырымдаманың қысқаша мазмұны ретінде қысқаша подкаст дайындауы мүмкін. Подкасттарды оқу процестері немесе өнімдері туралы өзіндік рефлексия құралы ретінде де пайдалануға болады.[3] Сабаққа қатыспаған оқушылар подкасттарды сабақ дәрістерін, күнделікті сабақтарды, үй тапсырмаларын, үлестірме материалдарды және т.б. көру үшін қолдана алады. Сонымен қатар оқушылар өздерінің оқу тәжірибесімен бір-бірімен және басқа мектептің басқа оқушыларымен бөлісу үшін жеке подкаст жасай алады.

Джонатан Коплидің айтуы бойынша көптеген студенттер подкасттарды дәріс материалдарына қосымша ретінде пайдалануды таңдайды. Сабақ басталмас бұрын студенттер подкасттарды тыңдап, алдағы дәріс туралы жалпы түсінік алады. Бұл олардың өздеріне деген сенімділігін арттырады және дәрісті әлдеқайда жеңіл қабылдайды. Подкасттарды қолдану студенттерді сабаққа жақсы қатысуына және пікірталасқа ықпал етеді. Подкасттарды жүктеу подкаст жүктелгеннен кейін де, емтихандарға немесе тапсыру мерзіміне дейін де ең жоғары деңгейге жетеді.[6] Студенттер подкасттарды емтиханға шолу шеңберінде пайдаланады, өйткені онда курстық материалды бекітудің әртүрлі әдістері ұсынылған. Сонымен қатар, ауырып қалуына немесе өзге

де себептерге байланысты дәрісті жіберіп алған студенттер подкасттарды пайдаланып, тақырыпты қуып жете алады [6].

I. БЕКІТУ КЕЗЕҢІ	
<p>1-қадам. Жұмысты бекіту және жоспарлау. Мұғалім оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсіндіреді. Оқушылар подкастты желіге орналастыру платформасын және жұмыс жоспарын, сонымен қатар оқу үдерісін бағалау өлшемімен таныстырады.</p>	
Мұғалім	Оқушы
- оқу қызметінің құрылымын түсіндіреді;	Ұйымдастыруға қатысты сұрақтар қояды.
- соңғы нәтиже қалай болатынын болжайды;	
-оқушылардың өзін және өзгелерді бағалау өлшемдерімен таныстырады;	
Жұмыс алгоритімін түсіндіреді.	
<p>2-қадам. Подкастты серверде орналастыру, онлайн пікірталас ұйымдастыру ережесімен таныстыру</p>	
Мұғалім	Оқушы
- грамматиканы оқытатын подкаст қызметінің (www.podomatic.com) сайты береді;	- грамматиканы оқытатын подкаст қызметінің (www.podomatic.com) сайты алады;
- оқушыларды тіркейді;	- подкаст сайтына тіркеледі; - www.podomatic.com
- оқушыларға(www.podomatic.com) сервисінде подкасты орналастыру ережесін түсіндіреді;	сайтында аудио және видеофайлдарды орналастыру нұсқаулығымен танысады; - микроблогта орналастыру ережесін түсінеді.
- оқушыларға микроблогта орналастыру ережесін түсіндіреді.	

3-қадам. Мұғалім www.podomatic.com сайты пайдалана отырып, оқушылары үшін жеке парақша ашады. Осы ашқан бетке сайтқа кірушілерге тапсырмалар береді. Мысалы, қазақ тілі сабағының тақырыбы және оның жүргізушілері жазылады. Онда мұғалім 1-2 минуттық подкаст құрып, жаңа сабақты түсіндіргені дұрыс.

Мұғалім	Оқушы
- подкаст сервисіндегі сайтқа бір подкаст құрады және орналастырады;	Көреді, есте сақтайды, сұрақтар қояды.
- оқушылардың өздері жүргізетін подкаст тақырыбын бекітеді;	
- подкаст көлемін белгілейді;	
- подкасттың қайда, қалай жазылатынын талқылайды.	

II. ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗЕҢІ

5-қадам. Тақырып таңдау және подкаст мәтінін жазу. Оқушыларға грамматикалық тапсырмалар дайындау ұсынылады. Іздену жұмыстарының алдында әрбір оқушы өзін таныстырады: жасы, тұрғылықты жері мен оқитын мектебін таныстырады. Одан соң подкаст бекітілген тақырып бойынша жалғасады. Осы қадамды жасау барысында оқушылар грамматикалық ережелерді меңгереді: мақсатына қарай жұрнақ пен жалғауларды ажырату жұмыстарын жасайды. Мұғалім оқушыға грамматика-лексикалық тұрғыдан сауатты мәтін талдау ережелерін түсіндіруі керек. Кейін подкаст сервисіне салып, жариялауды ұсынады.

Мұғалім	Оқушы
- оқушылардың жұмыстарына талдау жасайды; - подкаст мәтінін дайындайды.	- подкаст мәтінін құрастырады; - кемшіліктерін қарайды, салыстырады.

6-қадам. Подкаст жазу. www.podomatic.com сервисін пайдалана отырып, оқушылар өз сөзін жазады. Желілік бағдарламада жүргізушінің сөйлеген сөзі сапалы болу үшін қайта-қайта жаза беруіне болады.

Мұғалім	Оқушы
- оқушылардың www.podomatic.com сервисінде подкастты жариялауын бақылайды;	- подкастты www.podomatic.com сервисінде жазады, орналастырады.
7-қадам. Оқушылардың подкастын көру (тыңдау). Мұғалім әрбір дайындалған подкастты сыныптан тыс уақытта мұқият тыңдап, танысып шығуы керек.	
Мұғалім	Оқушы
- оқушылардың өздері жасаған подкастын тыңдауын қадағалайды;	- өз тобының жасаған подкастымен танысып шығады.
8-қадам. Подкастты онлайн платформада талқылау. Әрбір подкастты тыңдап болған соң, оқушылар онлайн платформадағы талқылауға катысуы керек.	
Мұғалім	Оқушы
-оқушылардың әрбір подкастқа түсініктеме жазуын қадағалайды;	- микроблоктағы подкаст парақшасына әрбір эпизод бойынша түсініктеме жазады.
9-қадам. Желідегі талқылаудан соң оқушыларды аудиторияға шақырып, жалпы пікірталасқа катысып, ұнаған подкаст туралы талдау жасау ұсынылады.	
Мұғалім	Оқушы
-оқушыларға подкасты топпен талқылауды ұсынады.	- өздері ұнатқан подкаст туралы пікір білдіреді.
БАҒАЛАУ КЕЗЕҢІ 10- қадам. Топтың/оқушының өзін-өзі бағалауы. 11- қадам. Мұғалімнің бағалауы.	

Кесте 1. П.В. Сысоев «Тіл үйретудегі подкасттар»

Қорытындылай келе, подкаст қызметі оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып оқытатын білім беру технологиясы деуге толық негіз бар. Сонымен қатар подкаст оқушылардың шығармашылығының шыңдалуына да көмектеседі. Тіл оқытуда подкасттарды қолдану уақыт пен кеңістікке бағынбай, кез келген уақытта кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді. Осылайша тыңдалым дағдыларын дамытудың жаңаша әдісін ұсынатын подкаст қызметі қазақ тілі сабақтарында оңтайлы нәтиже берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Иманқұлова С.М., Түсіпқалиева Р.Қ. Жаңа буын электронды білім беру ресурстары арқылы тілді меңгеруді жетілдіру мәселесі. «Современные инфокоммуникационные и дистанционные технологии в образовательном пространстве школы и вуза» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Чехия-Прага. – 27–28 наурыз 2014. – Б. 93-97.
- 2 Образование для мирового сообщества // Образование: сокрытое сокровище. – Париж: ЮНЕСКО, 1997. – С. 111, 248.
- 3 Сысоев П.В. Подкасты в обучении иностранному языку // Язык и культура. – 2014. №2 (26). – С. 189–201.
- 4 Х.Ж. Хамитова. Жаңа технологияны қолдану жолдары // «Қазақ тілі мен әдебиеті»/ – Алматы: Ата – мұра, 2011ж.
- 5 С.К. Кауашев. Білім берудегі жаңа мазмұн: жаңа технологиялық әдістерді пайдаланудың тиімділігі // Педагогика мәселелері. – 2012. №2. – 3-9 б.
- 6 Мирсеитова С. / «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» / -Қарағанды, 2008ж., 24-25б.